

Жобаның қысқаша сипаттамасы

Атауы	Қазақ даласындағы білім беру және отарлық жоба: империялық төменгі оқу орындары (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)
Өзектілігі	Ұсынылып отырған жобаның тақырыбы қазақ халқының ұлттық руханиятын дамытуға, Қазақстан тарихындағы ұмыт болған есімдерді жаңғыртуға, қазақ элитасының ғылыми мұрасын, зияткерлік құндылықтарын болашақ ұрпақ үшін сақтауға бағытталған. Жоба материалдары ҚР жоғары оқу орындарындағы тарихи және гуманитарлық білім беру жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан азаматтары үшін тарихи білімнің абыройын арттыруда пайдаланылуы мүмкін. Жаңа идеяларды дамытуға қабілетті, өз білімін халықтың кең ауқымына – яғни, өз руы мен тайпасының мүшелеріне – тарата алатын жаңа әлеуметтік топтардың пайда болуы және олардың әлеуметтік-мәдени тәжірибені жеткізудің жаңа жолдарын ұсынуы XIX–XX ғасырлардағы Қазақ даласындағы әлеуметтік және мәдени трансформациялар туралы түсінігімізді кеңейтеді.
Мақсаты	Жобаның мақсаты – аймақтағы төменгі оқу орындарының құрылу процесін және олардың қызметтерін жан-жақты зерттеу арқылы Қазақ даласында отарлық империялық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен орнығу ерекшеліктерін анықтау.
Міндеттері	• Ресей империясындағы отарлық білім беру жүйесін зерттеуге арналған отандық және шетелдік тарихи әдебиеттерді талдау. Әлемдік тәжірибедегі отарлық білім беру жүйелерін салыстырмалы әдіс арқылы зерттей отырып, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамында Ресей империясының отарлық білім беру әдістері мен енгізу ерекшеліктері ашылады. • Қазақ даласында төменгі оқу орындарының (болыстық және ауылдық мектептер, толық емес гимназиялар, ұлдар мен қыздарға арналған прогимназиялар, қалалық училищелер, орыс-қазақ мектептері, орыс-түземдік мектептер, интернат-мектептер) құрылу ерекшеліктерін анықтау. Бұл үшін орталық билік органдары мен аймақтық әкімшілік арасындағы ұсыныстарды, рапорттарды және өзара әрекеттесу тәжірибелерін зерттеу көзделіп отыр. • XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі кезеңдегі Қазақ даласындағы төменгі оқу орындары бойынша статистикалық деректерді жинақтау және талдау. Бұл бастапқы білім беру мекемелерінің жалпы саны, олардың материалдық жағдайы, қаржыландыруы, оқушылар саны және қазақ балалары мен мұғалімдерінің пайыздық үлесін қамтиды. Бұл оқу орындарында білім алған қазақ оқушыларының есімдері анықталып, олардың болашақ тағдыры зерттеледі. • Қазақ қоғамында империялық білімге деген көзқарастың өзгеруін, білім беру мен әлеуметтік өзгерістер нәтижесінде қазақтардың әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қайта қарауын зерттеу. Бұл міндет XIX ғасырдың соңында империялық орыс білімін алып, қазақ қоғамындағы жаңа әлеуметтік-саяси жағдайларға

	бейімделген жаңа буын қазақтарының қалыптасу механизмін анықтауға мүмкіндік береді. • Төменгі империялық оқу орындарының Қазақ даласын империялық кеңістікке әлеуметтік-мәдени тұрғыдан біріктірудегі рөлін және аймақтағы білім беру экспансиясының бастапқы кезеңі ретінде маңызын айқындау.
Күтілетін нәтижелер	Күтілетін нәтижелер. Жоба аясында жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижелерін жариялау: • Web of Science дерекқорының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index индекстеріне енгізілген және (немесе) Scopus дерекқорында CiteScore пайыздығы кемінде 35 (отыз бес) болатын рецензияланатын ғылыми басылымда 1 (бір) мақала немесе шолу мақала жариялау; • КОКНВО ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда 2 (екі) мақала және (немесе) шолу мақала жариялау; • 1 зияткерлік меншік нысаны. Құжат түрінде 1 (бір) монография жарияланады.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөндері, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болған жағдайда) және тиісті профильдерге сілтемелер	1. Тулешова Улжан – жоба жетекшісі, https://orcid.org/my-orcid?orcid=0000-0002-1074-2038. h-индекс в Scopus-1. Researcher ID WoS AAW-8539-2020 Author ID 57192278123 2. Суйнова Айнура – жобаның ғылыми қызметкері, https://orcid.org/0000-0001-9073-3838 3. Дюсембек Жанна – жобаның ғылыми қызметкері, https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57204910706 4. Абдрахим Мирас - жобаның ғылыми қызметкері. https://orcid.org/my-orcid?orcid=0000-0002-1074-2038 5. Галимов Ербол – жобаның ғылыми қызметкері.
Жарияланымдар тізімі және оларға сілтемелер	Қазіргі уақытта жарияланған жұмыстар жоқ.
Патенттер туралы мәліметтер	ЖОҚ